

## **Украина Президенті Л.Д. Кучманың Қазақстан Республикасына ресми сапарына дайындық және оны өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қыркүйек N 1251

Украина Президенті Л.Д. Кучманың Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 26-28 қыркүйектегі ресми сапарына дайындалу және оны өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Ресми сапарға дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, Жоспарда көзделген ресми сапарға дайындық және ұйымдастыру жөніндегі протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп Украина делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен ресми сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі делегация мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге еріп жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Украина

Президенті Л.Д. Кучманың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін;

Астана қаласының әуежайында ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ беруді және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ресми сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы

істер министрлігіне жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 26 қыркүйектегі  
N 1251 қаулысымен  
бекітілген

Украина Президенті Л.Д. Кучманың Қазақстан Республикасына  
ресми сапарына дайындық және өткізу жөніндегі іс-шаралар  
жоспары

---

N!	Іс-шара	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
----	---------	-----------------	----------------------

---

1!	2	3	4
----	---	---	---

---

1 Сапарды өткізу жөніндегі 2001 жылғы Қазақстан Республикасы  
шығыстар сметасын дайындау 26 қыркүйекке Президентінің  
дейін Іс Басқармасы  
(келісім бойынша)

---

2 Бұқаралық ақпарат құралдарының 2001 жылғы Қазақстан Республикасы  
өкілдерімен жұмысты 28 Президентінің баспасөз  
ұйымдастыру қыркүйекке қызметі (келісім бойынша),  
дейін Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім  
министрлігі

---

3 Ресми делегацияны және бірге 2001 жылғы Қазақстан Республикасы  
жүретін адамдарды Астана 26-28 Президентінің Протокол  
қаласының әуежайында, оның қыркүйек қызметі (келісім бойынша),  
ішінде VIP-залы арқылы күтіп Қазақстан Республикасы  
алуды және шығарып салуды Президентінің Іс басқар.  
ұйымдастыру масы (келісім бойынша),

Республикалық ұлан  
(келісім бойынша),  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің Күзет  
қызметі (келісім бойынша),  
Сыртқы істер министрлігі

---

4 Ресми делегациясы бар арнайы 2001 жылғы Көлік және коммуникациялар ұшақтың Қазақстан Республикасы 26-28 министрлігі, Сыртқы істер аумағының үстінен ұшып өтуін қыркүйек министрлігі, қамтамасыз ету Қорғаныс министрлігі

---

5 Арнайы ұшақтың тұрағын, оған -//- Көлік және коммуникациялар қызмет көрсетуді және жанармай министрлігі құюды қамтамасыз ету

---

6 Астана қаласының әуежайы мен 2001 жылғы Астана қаласының әкімі көшелерін ресми делегациялар. 26 дың жүру бағыттары бойынша қыркүйекке және баратын орындарын дейін жалаулармен, транспаранттармен безендіру

---

7 Күзетілетін адамдар мен деле. 2001 жылғы Ішкі істер министрлігі, гациялардың әуежайда, жүру 26-28 Қазақстан Республикасы бағыттары бойынша, іс-шаралар. қыркүйек Президентінің Күзет ды өткізетін және тұратын қызметі (келісім бойынша), орындарында қауіпсіздігін Ұлттық Қауіпсіздік қамтамасыз ету Комитеті (келісім бойынша)

---

8 Делегация мүшелері мен -//- Қазақстан Республикасы бірге жүретін адамдарға Президентінің Іс медициналық қызмет көрсету Басқармасы (келісім бойынша)

---

9 Делегацияның орналасуын және -//- Қазақстан Республикасы тамақтануын ұйымдастыру, Президентінің Іс

сондай-ақ көліктік қызмет  
көрсету

Басқармасы (келісім  
бойынша),  
Сыртқы істер министрлігі

---

10 Кездесу өткізілетін залды 2001 жылғы Қазақстан Республикасы  
техникалық тұрғыдан ресімдеу 26 Президентінің Іс  
(мемлекеттік жалаулар, үстел қыркүйекке Басқармасы (келісім  
үстілік табличкалар мен дейін бойынша), Қазақстан  
жалаушалар, гүлдер, Республикасы Президентінің  
микрофондар) Протокол қызметі  
(келісім бойынша)

---

11 Ресми делегация мүшелері, -//- Қазақстан Республикасы  
бірге жүретін адамдар, Президентінің Іс  
баспасөз бен күзет үшін Басқармасы (келісім  
бейджер дайындау бойынша),  
Сыртқы істер министрлігі

---

12 Украина Президентіне және -//- Қазақстан Республикасы  
ресми делегация мүшелеріне Президентінің Іс  
сыйлықтар жиынтығын, сондай-ақ Басқармасы (келісім  
бағдарлама мен басқа да баспа бойынша)  
өнімдерін дайындау

---

13 Қол қоюға ұсынылатын құжаттарды -//- Сыртқы істер министрлігі  
дайындау және құжаттарға қол  
қою протоколын қамтамасыз ету

---

14 Қазақстан Республикасы -//- Қазақстан Республикасы  
Президентінің атынан қабылдауды Президентінің Іс  
ұйымдастыру (қабылдауды өткізу Басқармасы (келісім  
орнын анықтау және безендіру, бойынша), Қазақстан  
отырғызу, делегациялар үшін Республикасы Президентінің  
квоталарды келісу, күзет Протокол қызметі (келісім  
іс-шаралары, дастарқан мәзірін, бойынша), Мәдениет,  
саздық бағдарламаны дайындау) ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігі,  
Сыртқы істер министрлігі

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК